

«ForteBank» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі
№12 отырысының хаттамасына 55
қосымша

«ForteBank» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді
(2015 жылғы 25 сәуірдегі №12 отырыстың
хаттамасы)
2015 жылдың 08 мамырында
КҮШІНЕ ЕНДІ

**«ForteBank» АҚ операциялар жүргізудің
жалпы талаптары туралы ЕРЕЖЕ**

Алматы қаласы
2015 жыл

1. ОСЫ ІШКІ НОРМАТИВТІ ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ

1. «ForteBank» АҚ операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ереже (бұдан әрі Ереже) «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) операцияларды жүргізуінің және Банк ұсынатын қызметтерді көрсетудің жалпы тәртібін және талаптарын белгілеу мақсатында дайындалды.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР ЖӘНЕ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет – Банктің активтер мен пассивтерді басқару бойынша саясатын белгілеуге және жүзеге асыруға қатысатын, Банктің үнемі жұмыс жасап тұратын алқалы жұмыс органы;

Контрагент- Қағидалардың мақсаттары үшін Банктің және (немесе) оның клиенттерінің қатысуымен Банктің арналары арқылы жүзеге асырылатын операциялар бойынша тарап және (немесе) делдал болып табылатын заңды тұлға;

(Қағидалардың 2-тарауы Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі №12(з) шешіміне сәйкес екінші абзацпен толықтырылды)

кредит құралы/өнім – қарыз, кредит желісі, банк кепілдігі, аккредитив, овердрафт, вексель, қаржы лизингі, факторинг, форфейтинг және Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған кредит берудің басқа түрлері;

сыйақының атаулы мөлшерлемесі – сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне қосылатын, Банкпен алынатын комиссиялар мен басқа төлемдер/көрсеткіштерді есепке алусыз есептелетін сыйақы мөлшерлемесі;

операциялық күн – Банк банктік және басқа операцияларды жүргізу үшін ашық болатын, Банкпен белгіленген жұмыс уақытын білдіреді. Жүргізілетін операциялардың /Банк ұсынатын қызметтердің әр түрлері үшін операциялық күн өзгеше болуы мүмкін. Банктің операциялық күні туралы мәліметтер тиісті ақпаратты Банктің ресми сайтында немесе Банктің операциялық залдарында орналастыру арқылы клиенттің назарына жеткізіледі. *респондент* – Банкте корреспонденттік шот ашқан, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк және/немесе ұйым (бұдан әрі – банктік емес ұйым); *мөлшерлемелер және тарифтер* – Банк операциялар жүргізгені, қызметтер көрсеткені үшін төленетін төлем мөлшері;

уәкілетті орган – Ереже мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіпте құрылды және өз қызметін банктік және басқа операцияларды және бағалы қағаздар нарығында қызметтерін жүргізу үшін уәкілетті органмен берілген лицензия негізінде жүзеге асырады.

3. Банктің Қазақстан Республикасы аумағында филиалдар желісі, филиалдардың (құрылымдық бөлімшелердің) қосымша жайларының желісі бар.

4. Банк Қазақстан Республикасының, сонымен қатар алыс және жақын шетел банктерімен/банктік емес ұйымдарымен корреспонденттік қатынаста. Банктің басқа банктермен, сонымен қатар Банк пен клиенттер арасындағы қатынасы мәміле жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілетін шарттар негізінде жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының резиденттері емес – клиенттермен банктік операциялар жүргізу (мәмілелер бекіту) кезінде Банк Қазақстан Республикасының заңнамасын, сонымен

қатар Қазақстан Республикасы қол қойған/ратификациялаған, көпшілік мақұлдаған (жүйеленген) халықаралық ережелерді және халықаралық шарттардың қағидаларын жетекшілікке алады.

6. Банктің Банкпен ерекше қатынаста байланысты тұлғалармен операция жүргізу талаптары Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 40 бабында белгіленген.

7. Осы Ереже ашық ақпарат болып табылады және Банк клиентке бірінші талабы бойынша ұсынады.

7-1. Банк бағалы қағаздар нарығында мынадай кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы: (а) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызмет; (б) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы дилерлік қызмет; (в) уәкілетті орган берген лицензия негізінде кастодиандық қызмет.

(Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 25 ақпандағы №7 шешіміне сәйкес Ереженің 3-тарауы 7-1-тармағымен толықтырылды)

4. БАНК ҚЫЗМЕТІН ҰСЫНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫҢ АҚЫРҒЫ МЕРЗІМІ

8. Банк клиент шот ашу үшін қажетті толық құжаттар пакетін берген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, сәйкес шарттың негізінде банктік шотты ашады.

9. Төлем карточкаларын шығаруды қажет ететін банктік шоттарды ашқан кезде төлем карточкасын шығарудың ақырғы мерзімі клиент Банкке тиісті түрде ресімделген төлем карточкасын шығару туралы жазбаша өтінішін берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

10. Клиенттің банктік шотынан қолма-қол ақша қабылдау/беру клиенттің қолма-қол ақшаны беру/қабылдау туралы нұсқамасы негізінде тиісті шартта және/немесе Банктің ішкі нормативті құжаттарында қарастырылған тәртіпте және мерзімде, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып жүзеге асырады.

11. Клиент өтініші бойынша қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу/сату клиенттен өтінішті қабылдаған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде орындайды.

12. Ақша аудару операцияларын Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде орындайды.

13. Кредит құралын/өнімін беру туралы өтініштерді қарастыру, кредит құралын/өнімін беру (бермеу) туралы, ұсынылған кредит құралы/өнімі шегінде кредит беру шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдау мерзімі Ереженің 7 бөлімінде реттелген.

13-1. Вексель ұстаушының вексельді есепке алу туралы өтінішін қарастыру немесе есепке алудан бас тарту және Банктің ол бойынша шешім қабылдау мерзімі Банк Вексель ұстаушыдан өтінішті және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Ішкі құжаттарында белгіленген тізімге сәйкес толық құжаттар пакетін алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

(Директорлар Кеңесінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі №22(з) шешіміне сәйкес Ереженің 4 тарауы 13-1 тармағымен толықтырылды).

5. ҚАБЫЛДАНАТЫН ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

14. Депозиттерді орналастыру мерзімі депозиттердің түрлері бойынша бекітілген шарттарға сәйкес белгіленеді, бұл ретте депозиттерді орналастырудың ең аз мерзімі 1 (бір) күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс. Клиенттің Банкте депозит орналастыруының ең көп мерзімі 50 жылдан аспауы тиіс.

15. Салымның ең аз сомасы салымдардың түрлері бойынша бекітілген шарттарға сәйкес белгіленеді, бұл ретте салымның ең аз сомасы 1 (бір) теңгеден кем болмауы тиіс. Бір салымшы үшін қабылданатын салымның ең жоғарғы сомасы мәміле бекіту кезіндегі Банк активтерінің жалпы баланстық құнының 25%-нан аспауы тиіс.

6. ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕРІ

16. Депозиттер бойынша сыйақының ең төменгі шекті атаулы және жылдық тиімді мөлшерлемесі 0% құрайды, оның ішінде мерзімді салымдар бойынша – салымды мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда; шартты салымдар бойынша – банктік салым туралы шартта белгіленген жағдайлар орын алғанға дейін салымды талап еткен жағдайда; басқа жағдайларда – салым бойынша сыйақының ең төменгі шекті атаулы мөлшерлемесі жылына 0,01 % құрайды, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі - 0,01 %-дан бастап.

17. Депозиттер бойынша сыйақының ең жоғарғы шекті мөлшерлемесі Ережелердің 1 қосымшасында көрсетілді. Жеке және заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарында орналастырылған депозиттер бойынша сыйақының ең жоғарғы шекті атаулы мөлшерлемесі жеке және заңды тұлғалар талап еткенге дейін салымдар бойынша сыйақының ең жоғарғы шекті атаулы мөлшерлемесінен 100% мөлшерінде белгіленеді.

Депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері тұрақты және/немесе өзгермелі болуы мүмкін. Өзгермелі мөлшерлемені есептеу тәртібі мен қолданыс талаптары Банктің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

(Директорлар Кеңесінің 2024 жыл 30 қаңтардағы №1 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.)

18. Банк депозиторларға сыйақыны депозиттің түріне және сақтау мерзіміне байланысты депозитормен бекітілген банктік салым/банктік шот туралы шарт талаптарына сәйкес төлейді.

7. КРЕДИТ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

7.1. Кредит құралдарын/өнімдерін ұсыну тәртібі

19. Банк кредит құралдарын/өнімдерін Банктің Кредиттік саясатына сәйкес береді.

20. Банктегі кредиттік қызметті ұйымдастыратын және Кредиттік саясаттың қағидаларының орындалуын қадағалайтын Банк Басқармасы, Банктің Директорлар кеңесі жанындағы жұмыс органдары, Банктің Директорлар кеңесі.

21. Бір қарыз алушыға берілетін кредит құралдарының/өнімдерінің ең төменгі сомасы 1 (бір) теңгені құрайды. Бір қарыз алушыға берілетін кредит құралдарының/өнімдерінің ең жоғарғы сомасы Қазақстан Республикасының, соның ішінде уәкілетті органның нормативті құқықтық актілерінде анықталады және Банктің жеке капиталының 25%-нан аспауы тиіс (осы міндеттемені қамтамасыз ету ретінде Банкке кепілдікке берілген ақша түріндегі қарыз алушының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасын есептемегенде). Банкпен ерекше қатынаста байланысты тұлғаларға берілетін кредит құралдарының/өнімдерінің ең жоғарғы сомасына қойылатын талаптар осы Ережелердің 7.5 бөлімінде реттелген.

22. Кредит құралдарының/өнімдерінің ең аз мерзімі бір күннен кем болмауы тиіс.

23. Кредит құралдарының/өнімдерінің ең көп мерзімі 30 жылдан аспауы тиіс.

24. Кредит құралдарын/өнімдерін беру туралы өтініштер Банкпен әлеуетті клиент кредит құралдарын/өнімдерін беру/бермеу туралы шешім қабылдау үшін қажетті толық және тиісті түрде ресімделген құжаттар пакетін (Банктің ішкі нормативті құжаттарына сәйкес) берген күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарастырылады.

Қарыз алушының кредит беру шарттарын өзгерту туралы өтінішін Банк қарыз алушы кредит беру шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдау үшін қажетті толық және тиісті түрде ресімделген құжаттар пакетін (Банктің ішкі нормативті құжаттарына сәйкес) берген күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қарастырылады (соның ішінде кредит беру шарттарын өзгерту туралы шешім қабылданады).

Қосымша зерттеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда өтінішті қарастыру мерзімі отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, ол туралы өтінішті қарастыру мерзімі ұзартылған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде немесе электронды құжат түрінде өтініш берушіге хабарланады.

Егер қарыз алушының /әлеуетті клиенттің өтінішінде жазылған сұраныстарды шешу ұзақ мерзімді қажет етсе, онда өтінішті Банк бұл өтініш бойынша соңғы шешім қабылданғанға дейін қосымша бақылауға қояды, ол туралы Банк өтінішті қарастыру мерзімі ұзартылған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде немесе электронды құжат түрінде қарыз алушыға /әлеуетті клиентке хабарлайды.

Бұл ретте кредит құралдарын /өнімдерін беру туралы өтініштерді қарастырудың, кредит құралдарын/өнімдерін беру (бермеу) туралы, кредит беру шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдаудың нақты мерзімдері өнім түрлеріне байланысты Банктің тиісті ішкі нормативті құжаттарында реттелген.

Банк кредит құралдарын /өнімдерін беру туралы өтініш бойынша шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде клиентке кредит құралдарының /өнімдерінің берілетіндігі немесе берілмейтіндігі туралы хабарлайды.

7.2. Кредит құралдары/өнімдері бойынша сыйақылардың шекті мөлшерлері.

25. Кредит құралдары/өнімдері бойынша сыйақының ең жоғарғы шекті мөлшерлемесі, қарыз бөлігінде, қарыз беру және бұл операцияларды жүргізу шығындары үшін Банк қорын сатып алу және құру құнын ескерумен Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитетпен алдын ала белгіленеді, Басқарманың келісімін ала отырып, Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

26. Кредит құралдары/өнімдері бойынша сыйақының ең төменгі және ең жоғарғы шекті мөлшерлемесі Ережелердің 2 қосымшасында көрсетілген.

Кредит құралдары/өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелері тұрақты және/немесе өзгермелі болуы мүмкін. Өзгермелі мөлшерлемені есептеу тәртібі мен қолданылу талаптары Банктің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

(Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі №11 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді)

27. Кредит құралдары/өнімдері бойынша сыйақы мөлшері банктік қарыз туралы шартта/кепілдік, аккредитив беру туралы шартта/креди желісін ашу туралы келісімде, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Ішкі құжаттарында анықталған тәртіпте және талаптарда белгіленеді.

28. Кредит құралдарын/өнімдерін беру, ресімдеу, ілеспе қызмет көрсету және қызмет көрсету бойынша тарифтер осы Ережелердің 3-8, 14-16, 20 қосымшаларына сәйкес Банктің бекітілген тарифтерінде көрсетілді.

(Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі №12 (з) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді).

7.3. «Овердрафт» нысанында қысқа мерзімді кредит беру тәртібі

29. Овердрафт беру мақсаты – клиент қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында, соның ішінде төмендегідей себептерге байланысты туындайтын ағымдағы төлем үзілісін болдырмау үшін, клиенттің айналым қаражатын толықтыру:

- 1) клиенттің негізді қызметі бойынша тауар-материалды құндылықтарды және қызметтерді сатып алғаны үшін шоттарды төлеу;
- 2) клиенттің ағымдағы операциялық (салықты төлеу, қызметкерлерге еңбекақы төлеу) және басқа шығындарын төлеу.

Овердрафт қарыздар бойынша берешектерді өтеу үшін, сонымен қатар инвестициялық мақсаттарға берілмейді.

30. Овердрафт теңгеде/АҚШ долларында /еуро /ресей рублінде беріледі.

31. Овердрафтың /кредит желісі лимитінің ең жоғарғы сомасы Банктің тиісті Ішкі құжатында бекітілген талаптарға байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Ішкі құжаттарында белгіленген тәртіптер және шарттарда әрбір клиент үшін әр нақты жағдайда есептеледі.

32. Овердрафт нысанында кредит желісін ашу туралы келісімнің ең ұзақ қолданылу мерзімі – кредит желісін ашу туралы келісімді бекіткен сәттен бастап 48 ай, мерзімін ұзарту құқығымен. *(Директорлар Кеңесінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы №1 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.)*

33. Овердрафт нысанында кредит желісін беру туралы келісім шегінде бір транштың ең ұзақ мерзімі Банктің Ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

7.4. Лизингтік операцияларды жүргізу талаптары

34. Банк лизинг заттары ретінде келесілерді таниды:

- 1) ғимараттар мен құрылыстар;
- 2) машиналар және жабдық;
- 3) көлік құралдары;
- 4) жер телімдері – ғимараттардан, құрылыстардан ажырамайтын;
- 5) құрал-сайман және басқа да кез келген қолданылмайтын заттар.

35. Қаржы лизингінің мерзімі 37 (отыз жеті) айдан кем болмауы тиіс.

36. Қаржы лизингінің шекті мерзімі 7 (жеті) жыл, бұл ретте Банк ұсынатын қаржы лизингінің мерзімі лизинг затын пайдалы пайдалану мерзімінен аспауы тиіс. Лизинг затын пайдалы пайдалану мерзімі мыналарды сипаттайды:

- 1) мүлікті қолданудан экономикалық пайда табу қарастырылатын уақыт кезеңін;
- 2) мүлікті қолданудан алынып, шығарылатын өнімнің болжамды санын.

7.5. Банкпен ерекше қатынастағы тұлғаларға кредит құралдарын/өнімдерін беру тәртібі

37. Банкпен ерекше қатынастағы тұлғаларға кредит құралдарын /өнімдерін беру (соның ішінде, Банкпен ерекше қатынаста байланысты тұлғалар үшін кепілдік (кепілгерлік) беру) оның барлық шарттарын қарастырғаннан кейін, жеке капиталының 10%-нан аспайтын мөлшерде (салымда орналастырылған/Банкке кепілге берілген қарыз алушының міндеттемелері бойынша ақша түріндегі қамтамасыз ету сомасын шегере отырып), Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметтері туралы» заңының 40 бабының талаптарын ескере отырып, Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ғана орындалады.

38. Банк ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға қамтамасыз етусіз қарыздар (бланктік қарыздар) бере алмайды.

7.6. Кредит шарты бойынша қызмет көрсету кезеңінде клиенттің сұранысы бойынша ақпарат беру талаптары:

39. Кредит шарты бойынша қызмет көрсету кезеңінде Банк қарыз алушының немесе кепіл берушінің сұранысы бойынша («Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметтері туралы» заңда қарастырылған банк құпиясын жариялауға қатысты талаптарды сақтай отырып) сұранысты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа мерзімдер қарастырылмаған болса, жазбаша түрде келесі мәліметтерді береді:

- 1) Банкке төленген ақша сомасы туралы;
- 2) мерзімі өткен берешек мөлшері туралы (болған жағдайда);
- 3) қарыз қалдығы туралы;
- 4) кезекті төлемдер мөлшерлері мен мерзімдері туралы;
- 5) кредит лимиті туралы (болған жағдайда).

7.7. Саудалық қаржыландыру бойынша операция жүргізу талаптары:

40. Банк саудалық қаржыландырудың кредит құралдарын/өнімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасына, халықаралық стандарттарға/ережелерге және Банктің Ішкі құжаттарына сәйкес береді.

41. Банктердің құжаттарды тексеру тәртібі мен мерзімі, аккредитивті аудару және саудалық қаржыландырудың кредит құралдары/өнімдері бойынша басқа әрекеттер банк тәжірибесінде қолданылатын халықаралық стандарттарға және Халықаралық саудаөнеркәсіп палатасының жүйеленген ғұрыптары мен ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

8. ДЕПОЗИТТЕР ЖӘНЕ КРЕДИТ ҚҰРАЛДАРЫ/ӨНІМДЕРІ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ (ТАЛАПТАРЫ)

42. Депозиттер бойынша есептелген сыйақыны төлеу депозитормен бекітілген тиісті банк қызметін алу туралы шарт талаптарына сәйкес: күн сайын/ ай сайын/тоқсан сайын/жыл сайын/мерзім соңында, депозит шарттарына/түріне байланысты капиталдандырумен немесе капиталдандырусыз жүргізіледі. Банк төлем жүргізушіден табыс салығын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның төлейтін/капиталдандыратын сыйақы сомасынан ұстайды.

(Директорлар Кеңесінің 2024 жыл 30 қаңтардағы №1 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.)

43. Клиенттер Банк ұсынған кредит құралдары/өнімдері бойынша сыйақыны бұл мерзімдер бұзылған жағдайда, онда кредит құралдары/өнімдері бойынша сыйақыны төлеу, кредит құралдары/өнімдері бойынша негізгі борыш сомасын өтеу, Банк қолданатын санкцияларды мерзімдері белгіленген кредит құралдары/өнімдері бойынша бекітілген шарт талаптарына сәйкес төлейді.

44. Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгертілгендігі туралы Банк депозиторлар мен қарыз алушыларға тараптармен өзара келісілген және шарттарда белгіленген тәртіпте және мерзімдерде, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып хабарлайды.

9. БАНК ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

45. Банк беретін кредит құралдарының /өнімдерінің қайтарымдылығы Банктің Кредиттік және Кепілдік саясаттарына сәйкес кепілмен, кепілдіктермен, кепілгерліктермен, сақтандырумен, тұрақсыздық айыбымен (айыппұл, өсімпұл), Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің басқа Ішкі құжаттарына қайшы келмейтін және кредит шартында қарастырылған басқа тәсілдермен қамтамасыз етіледі.

46. Міндеттемелердің орындалуын кепілмен қамтамасыз ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Банктің Кредиттік және Кепілдік саясаттарымен, сонымен қатар Банктің басқа Ішкі құжаттарымен реттеледі.

47. Негізгі қамтамасыз ету ретінде қабылданатын мүлікке қойылатын жалпы талаптар (қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың толық сипаттамасы Банктің Ішкі құжаттарында қарастырылған): *Банктің Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 16 қаңтардағы шешіміне (№1(з) отырыс хаттамасы) сәйкес 9-тарау, 47-тармаққа өзгерістер енгізілді.*

1) мүліктің оны пайдаланудың (қолданудың) кең саласымен қамтамасыз етілетін өтімділігі, тиісті күйі, тұрақты бағасы және мұндай мүлікке деген қалыптасқан нарық жағдаяты болуы керек;

2) мүлік үшінші тұлғалардың ауыртпалығынан және талаптарынан бос болуы керек, егер өзгесі Банктің Ішкі құжаттарында/Банк Басқармасы жанындағы тиісті құзыретті алқалы органның шешімінде/Банктің Директорлар Кеңесінің шешімінде/Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде белгіленбеген болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және талаптарда; *Банктің Директорлар кеңесінің 2026 жылғы 16 қаңтардағы шешіміне (№1(з) отырыс хаттамасы) сәйкес 9-тарау, 47-тармаққа өзгерістер енгізілді.*

3) Банктің Ішкі құжаттарында қарастырылған мүліктің құжаттарының бар болуы;

4) Банктің Ішкі құжаттарында қарастырылған қамтамасыз етуге қойылатын басқа талаптар.

48. Банк берген кредит құралдарының /өнімдерінің қайтарымдылығын қамтамасыз ету ретінде Банкке берілген кепілдіктер және кепілгерліктер азаматтық заңнама нормаларына, уәкілетті органның нормативті құқықтық актілеріне сәйкес келуі тиіс.

49. Банк Банкпен ерекше қатынастағы тұлғалар үшін шектеулерді ескере отырып, кредит құралдарын/өнімдерін қамтамасыз етудің беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

10. БАНКТІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР МЕН ТАРИФТЕР

50. Баға белгілеуді анықтау және банктік өнімдерге (қызметтерге) тарифтерді белгілеу тәртібі Банктің Тарифтік саясатымен белгіленеді.

51. Банктің Тарифтік саясатын Директорлар кеңесі бекітеді.

52. Банктік операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтер, банктік өнімдер мен қызметтердің тартымдылығын, қызметтің тиімділігін және Банктің табыстарға ие болуын қамтамасыз ету мақсатында, банктік өнімдердің өзіндік құнына және нарықтың құрылып жатқан жағдаятына негізделі отырып, анықталады.

53. Банктік операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті көлемдері осы Ережелердің 1-8, 17-18 қосымшаларында белгіленген.

Банктік операцияларды жүргізуге арналған негізгі тарифтер мен мөлшерлемелер, Банк Басқармасының тұсындағы, бұған уәкілетті тиісті жұмыс органдарымен немесе Банк Басқармасымен (Банктің Директорлар кеңесі бекіткен тарифтердің/мөлшерлемелердің ең төмен және ең жоғары көлемдерінің шегінде) немесе Банктің Директорлар кеңесі бекіткен, оларды қайта қарастыру қажеттілігі туындаған кезде қайта қарастырылады.

Банктік операцияларын жүргізуге арналған жеке тарифтер мен мөлшерлемелері, Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен тарифтердің / мөлшерлемелердің ең төменгі және ең жоғары шамалары шегінде Банк Басқармасы немесе Банк Басқармасы кезінде осыған уәкілеттік берілген тиісті жұмыс органдары бекітеді және оларды қайта қарау қажеттігі туындауына қарай қайта қаралады. Бұл ретте банк операцияларын жүргізуге арналған базалық тарифтер мен мөлшерлемелері, жеке тарифтер мен банк операцияларын жүргізуге арналған тарифтер мен мөлшерлемелері белгіленбеген жағдайларда, оларды қолдану үшін белгіленеді.

(Директорлар кеңесінің 27.04.2016 ж. № 6 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді)

(Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі №12 (з) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді)

(53-тармаққа Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі №12 (з) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді)

54. Оларды өндіріп алу уақыты тарифтер тізімінде немесе өнім талаптарында (егер комиссияны өндіріп алу уақыты тарифтер тізімінде қарастырылмаса) немесе Банк Басқармасының тұсындағы тиісті құзыретті жұмыс органының /Банк Басқармасының /Банктің Директорлар кеңесінің шешімінде тікелей көрсетілген комиссиялардан басқа барлық комиссиялар, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің Ішкі құжаттарында (егер комиссияны өндіріп алу уақыты тарифтер тізімінде немесе өнім талаптарында қарастырылмаса) /жасалған шарттарда немесе төлемге шығарылған құжаттарда белгіленген тәртіп пен талаптарда, банктік операцияны жүргізу күнінде өндіріліп алынады.

55. Банк көтерген барлық пошталық, телеграфтық, телекстік, телефондық және басқа да шығындарды, тариф көрсетілмеген болса, Банк қосымша нақты құны бойынша өндіріп алады.

56. Тарифтердің негізінде және клиенттің нұсқаулықтарына сәйкес өндіріліп алынған комиссия қайтарылуға жатпайды.

57. Үшінші тараптың осы Ережелерде қарастырылған операциялардың жүргізілуіне байланысты комиссиялары мен шығындары, клиентті алдын ала хабардар етусіз, нақты шығындар бойынша қосымша өндіріліп алынады.

58. Пайыздарда көрсетілген комиссия әрбір жүргізілген комиссия сомасынан немесе тиісті тарифпен /өнім талабымен /Банк Басқармасының тұсындағы құзырлы жұмыс органының /Банк Басқармасының /Банктің Директорлар кеңесінің /Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінде тікелей анықталған өзге тәртіпте, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Ішкі құжаттарында белгіленген тәртіп пен талаптарда өндіріліп алынады.

59. Абсолюттік сомада көрсетілген комиссия тиісті жүргізілген операция үшін өндіріліп алынады.

60. Банктік операцияларды жүргізуге арналған тарифтер, Банк қызметкерлері үшін Банктің ішкі порталында, сондай-ақ Банктің клиенттері үшін – Банктің сыртқы ресми интернетсайтында және Банк Филиалдарының (олардың бөлмелерінің) операциялық залдарында орналастырылады.

11. БАНКТИҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЛИЕНТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

61. Банктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк пен клиенттердің арасында жасалған шарттарда анықталады.

62. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған шарттарда белгіленген тәртіпте және/немесе жағдайларда келесілерге құқылы:

- 1) жүргізілетін операциялар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін, банктік қызметтерді көрсету үшін өндіріліп алынатын тарифтерді өздігінен белгілеуге;
- 2) төлем құжаттарының жалған жасалғандығын растайтын құжаттар бар болғанда немесе ақшаның қателікпен есепке алыну фактісі анықталғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жағдайларда, клиенттердің келісімінсіз олардың шоттарынан Банк алдындағы берешектерін өтеу есебіне ақша шешіп алуға (шығынға жазуға);
- 3) Банкке қатысты қарыз алушы болып табылатын заңды және жеке тұлғалар кепілгерлерінің шоттарынан ақша шешіп алуға;
- 4) жасалған кепіл шартына сәйкес сауда-саттықтарды (аукционды) жүргізу арқылы мәжбүрлі соттан тыс тәртіпте кепілде жатқан мүлікті өздігінен сатуға;
- 5) Банктің бұдан бұрын берілген кредиттік құралдардарының /өнімдерінің өтеу мерзімдерін бұзған қарыз алушыларға жаңа кредиттік құралдарды /өнімдерді ұсынбауға;
- 6) клиенттің шарттық міндеттемелерді мәжбүрлі орындауын қамтамасыз ету мақсатында сот органдарына жүгінуге (Банктің банктік қарыз шарттарын (кредиттік шарттарды) тиісті түрде орындамау бойынша қарыз алушыларға жасалған талаптарына наразылық және қуынымдық ескілік мерзімдері таралмайды);
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, төлем жүргізуге шамасы келмейтін қарыз алушы-клиентті банкрот деп тану жөніндегі қуынымдық өтінішімен сот органдарына жүгінуге;
- 8) заңды немесе жеке тұлғаға банктік операцияны жүргізуден бас тарту себептерін дәлелдей отырып, бас тартуға;
- 9) Банктің және (немесе) оның клиенттерінің қатысуымен Банкке қызмет көрсету арналары арқылы жүзеге асырылатын кез келген операцияны, сондай-ақ іскерлік қатынастарға түсуден, бұрын жасалған шарттарды орындаудан және (немесе) жалғастырудан келесі жағдайларда біржақты тәртіпте тоқтатуға, тоқтата тұруға, жүргізуден бас тартуға құқылы:

Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ клиентке, оның өкіліне немесе бенефициарлық меншік иесіне қатысты олардың экстремистік және террористік қызметке қатысуы, осындай ұйымдар мен тұлғалардың меншігінде немесе бақылауында болуы не осындай ұйымдардың нұсқауы бойынша әрекет етуі;

егер Банк мынаны бұзылған деп санаса, талаптар бұзылуы мүмкін:

Банкпен жасалған шарттар;

Банктің қызметін қозғайтын және Банк пен оның клиенті немесе контрагенті жүргізетін операцияға Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің кез келген қатысушысы тіркелген, орналасқан немесе уақытша орналасқан аумақтағы заңнамасын;
Банктің және Банк-корреспонденттің жария болып табылатын, Банктің ішкі рәсімдері мен талаптары.

қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес Банкке және оның клиентіне немесе контрагентіне (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, операция түріне байланысты, клиенттің немесе контрагенттің және оның лауазымды адамдарының, акционерлерінің/қатысушыларының, бенефициарлық меншік иелерінің, еншілес ұйымдарының тіркелген және (немесе) орналасқан елімен байланысты) қауымдастырылған ұйымдарға, сондай-ақ осы тұлғаларға немесе осы елдерден осы тұлғалардан төленетін төлемдерге) қолданылатын санкциялардың болуы;

клиенттің немесе контрагенттің операциялары қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметіне байланысты, оның мүддесінде жүзеге асырылады (оның шотына аударумен және (немесе) оның шоттарынан ақша алумен шектелмей), сондайақ қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін қаржыландыруға немесе оның қызметін жарнамалауға бағытталған деген Банктің күдіктері болуы;

Банктің ішкі құжаттарының, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс – қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, сондай ақ Қазақстан Республикасының және басқа елдердің өзге де заңдары немесе Банктің нормативтік құқықтық актілерін, «Шетелдік шоттарды салықтық бақылау туралы» АҚШ Заңының (Foreign Account Tax Compliance Act-FATCA) талаптарын орындауы мақсатында Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті ақпаратты немесе құжаттарды клиенттің ұсынбауы;

егер клиенттің жасайтын операцияларын зерделеу процесінде, операция Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес, қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып табылмайтын және кімге талап қою құқығы жоқ криптография және (немесе) компьютерлік есептеулер құралдарын қолдана отырып, оның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығына қатысушының операцияларын қоспағанда, цифрлық активтермен, сандық активтер платформасын басқару бойынша қызметтер көрсетілетін, орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және ескерілетін шамалармен байланысты деген күдік болса.
Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған шартта қарастырылған өзге құқықтарға ие бола алады.

(Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 17 маусымдағы №21 шешіміне сәйкес 62-тармақтың 9-тармақшасына өзгерістер енгізілді).

63. Банк заңнамада және/немесе жасалған шарттарда белгіленген тәртіпте және/немесе жағдайларда келесілерге міндетті:

- 1) клиенттің талаптарын ұсыну кезінде ақшаның бар болуын қамтамасыз етуге;
- 2) клиенттің пайдасына келіп түскен ақшаны қабылдауға;
- 3) қолма-қол ақшаның клиенттен қабылдануы мен оған берілуін жүзеге асыруға;
- 4) клиенттің талабы бойынша клиенттің Банктегі ақша сомасы және жүргізілген операциялары туралы ақпаратты ұсынуға;

5) клиентке шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және банктік тәжірибеде қолданылатын іскерлік айналым тәртіптерінде қарастырылған өзге банктік қызмет көрсетуді жүргізуге;

6) клиенттің шот бойынша операцияларды жасауға байланысты және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен шарттың талаптарына сәйкес келетін өкімдерін орындауға;

7) корреспонденттік шығын операцияларынан басқа, шот бойынша шығын операцияларын, уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері/жасалған шарттардың негізінде тоқтата тұруға, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде өзге шараларды қолдануға;

8) өз клиенттерінің және корреспонденттерінің операциялары мен депозиттері бойынша құпияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және негіздер бойынша банктік құпияны құрайтын мәліметтерді ұсына отырып, Банктің сейфтік жәшіктерінде, шкафтарында және бөлмелерінде сақтауда жатқан мүліктің құпиясына кепілдік беруге;

9) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Банктің Ішкі құжаттарына сәйкес, құжаттардың қатаң есебі мен олардың сақталуын қамтамасыз етуге;

10) олардың аудиторлық расталуынсыз, тоқсан сайын теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, нысандар бойынша және уәкілетті органы белгілеген мерзімдерде жариялап отыруға;

11) аудиторлық ұйым (аудитор) оларда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растағаннан кейін және Директорлар кеңесі мен Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы жылдық теңгерімді және табыстар мен шығындар туралы есепті бекіткеннен кейін, жылдық теңгерімді және табыстар мен шығындар туралы есепті қоса алғанда, жылдық есепті нысандар бойынша және уәкілетті органы белгілеген мерзімдерде жариялауға.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындайды.

64. Банктің клиенттері Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған талаптарда белгіленген тәртіпте және/немесе жағдайларда келесілерге құқылы:

1) Банкте операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ақпаратты алуға;

2) егер клиент Банктің қарыз алушысы болып табылса, банктік шоттың ашылу күнінен бастап 10 күнтізбелік күні ішінде Банкті міндетті түрде хабардар ете отырып, басқа банктерде банктік шоттарды ашуға;

3) жасалған кредиттік шарттардың негізінде, олардың қайтарылуын тиісті түрде қамтамасыз ете отырып, Банктің кредиттік құралдарын /өнімдерін алуға;

4) Банкте өзара келісілген талаптарда депозиттер орналастыруға;

5) өзінің шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін кез келген төлемдерді жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Банк тигізген залалдың өтелуін талап етуге.

Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған шарттарда қарастырылған өзге құқықтарға ие бола алады.

65. Банктің клиенттері келесілерге міндетті:

1) Банкпен жасалған шарттарда қарастырылған міндеттемелерді толық көлемде орындауға;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Банкке келітірілген залалды өтеуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында, банктік қызметті жүзеге асырудың халықаралық ережелері мен тәртіптерінен шығатын Қазақстан Республикасы қол қойып, мақұлдаған халықаралық шарттарда қарастырылған өзге міндеттемелерді көтеруге.

Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған шарттарда қарастырылған өзге міндеттерді орындайды.

66. Банк және оның клиенттері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және тиісті шарттарға сәйкес, өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді. Клиент шоттың ашылуы мен ол бойынша операцияларды жүргізуге ұсынылатын құжаттардың анықтылығы үшін жауапкершілік көтереді.

67. Банк пен клиенттің арасында жасалған шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті түрде орындалмаған жағдайында, егер өзгесі шартта белгіленген тәртіпте қарастырылмаса, кінәлі тарап екінші тарапқа көтерілген шығындарды өтейді.

68. Банкпен іскерлік қатынастарға түсу (немесе оны жалғастыру) арқылы клиент ережелерде көрсетілген шарттарға және болашақта ережелерге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға келіседі, сондай-ақ:

1) осы Тарауда көрсетілген талаптарға қайшы келетін операцияларды жүргізбеуге міндеттенеді;

2) тиісті шартқа қол қою арқылы клиенттің нормаларды сақтамауынан (кінәсінен) туындаған айыппұлдарды немесе өсімпұлдарды өтеу жөніндегі құқықтарын іске асыру мақсатында Банктің клиенттің банктік шотынан (шоттарынан), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген жолмен банкте ашылған клиенттің кез келген өзге де банктік шоттарынан ақшаны есептен шығаруға алдын ала Клиент келісім береді.

69. Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондайақ ақшаны заңсыз қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға міндетті. ол үшін құқылы:

1) клиенттен Банктің пікірінше, клиентке банктік қызметтер көрсету үшін қажет кез келген құжаттарды және (немесе) ақпаратты талап етуге, оның ішінде егер бұл клиентке банктік қызмет көрсету үшін талап етілсе, осы құжаттар мен ақпаратты үшінші тұлғаларға (шектелмей, корреспондент-банктер, қаржы мониторингі субъектілеріне) беруге;

2) Банктің ішкі процестерінен, Қазақстан Республикасы мен өзге де елдер заңнамасының талаптарынан, халықаралық ұйымдардың ұсынымдарынан туындайтын клиенттер жүргізетін операцияларға белгілі бір талаптар, тыйым салулар мен шектеулер енгізуге;

3) клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарынан ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген жолмен клиентті, оның бенефициарлық меншік иелерін, олардың қызметін тексеруге байланысты мақсаттарға есептен шығаруға, клиенттің тиісті шартқа қол қою арқылы берілген Алдын ала келісімі болған кезде, егер мұндай тексерулер белгіленген тәртіпте Тапсырыс берушінің кінәсінен жүзеге асырылмаса,

70. Шартты (іскерлік қатынастарды) біржақты тоқтатқан жағдайда, Банк шартты (іскерлік қатынастарды) тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде екі күн бұрын (егер Банк пен клиент немесе контрагент арасында жасалған шарттарда өзге мерзім белгіленбесе) клиентке

немесе контрагентке тиісті хабарлама жіберу арқылы осындай тоқтату туралы клиентке немесе контрагентке хабарлайды. Операцияны жүргізуден бас тартылған жағдайда, клиентке немесе контрагентке Банктің ішкі құжаттарында, Банк осы тұлғалармен жасасқан шарттарда (оның ішінде жария) айқындалған тәртіпте және мерзімдерде хабарлама жіберіледі.

71. Клиент немесе контрагент белгіленген шектеулер мен тыйымдарға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдерді және барлық салдарларды (соның ішінде шығындар мен жоғалған пайданы) қабылдайды:

1) мемлекеттік органдардың, Банктің, оның корреспондент-банктері, электрондық қызметтерді жеткізушілерінің, ақша аударымдарының банкаралық жүйелерінде, өзге де төлем жүйелерінде және электрондық ақша жүйелерінде, олардың операторлары арқылы, операцияны жүргізу үшін қатысуы қажет өзге де тұлғалардың жіберген;

2) Банктің қызметін қозғайтын және кез келген қатысушы орналасқан немесе уақытша орналасқан аумақтағы шет мемлекеттердің заңнамасында банк (немесе оның қатысуы кезінде) және оның клиенті немесе контрагенті жүргізетін операцияға қатысушы банк; 3) қолданысы Банкке, клиентке немесе контрагентке және оның операцияларына (оның ішінде, бірақ операция түріне байланысты шектелмей, клиенттің немесе контрагенттің және оның лауазымды адамдарының, акционерлерінің немесе қатысушыларының, бенефициарларының тіркелген және (немесе) орналасқан елімен) қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялармен Банк немесе Банк арқылы жүргізілетін меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдардың, сондай-ақ осы елдерге немесе осы тұлғаларға немесе осы елдерден немесе осы тұлғалардан осы тұлғалар арқылы жүргізілетін төлемдердің), сондай-ақ Банк арналары арқылы жүргізілетін төлемдерге санкциялардың салдары.

Банк осы тәуекелдер мен салдар үшін (оның ішінде шығындар мен жоғалған пайда үшін) жауап бермейді. Бұл талап сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалар мен шет мемлекеттердің мемлекеттік органдары жүргізетін операциялар бөлігінде қаржы (инвестициялық) пирамидаларының қызметіне, тергеулерге немесе өзге де іс-шараларға байланысты жағдайларға, сондай-ақ өсімпұлдарға, айыппұлдарға, осы іс-шаралардан туындаған өзге де салдарға қолданылады.

72. Банк осы тарауға сәйкес іскерлік қатынастарға түсуден бас тартуға, шартты тоқтатуға, кез келген операцияларды жүргізуден бас тартуға, сондай-ақ тоқтата тұруға жауапты болмайды. *(Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі №12 (з) шешіміне сәйкес 11-тарау жаңа редакцияда жазылды)*

12. БАНКТІҢ КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

70. Банктің басқа банктермен, сондай-ақ Банк пен өзге клиенттер арасындағы қарымқатынастары, мәмілелерді жасау кезінде қолданылатын құқықпен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын шарттардың негізінде жүзеге асырылып, реттеледі.

71. Операцияларды жүргізудің және оларды есептеудің талаптары мен тәртібі, Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуымен, Банктің клиенттермен жұмыс жасау тәртібі, банктік өнімдердің түрлері бойынша жүргізілетін қандай да бір операциялардың өткізілу тәртібін реттейтін, Банктің бөлек Ішкі құжаттарымен белгіленеді.

72. Банк клиентке операцияның жүргізілуіне байланысты болуы ықтимал тәуекелдер туралы ақпаратты ұсынумен бас тартуға құқылы емес.

73. Клиенттердің банктік қызметтердің ұсынылуы барысында пайда болатын өтініштерін қарастыру тәртібі Ережелердің 19 Қосымшасымен реттелген.

(Бүкіл мәтін бойынша «Ішкі нормативтік құжат» деген сөздер Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі №12 (з) шешіміне сәйкес тиісті септік пен көптік жалғауында «Ішкі құжат (-тар)» деген сөздермен ауыстырылды)